

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 11.01. жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Ә.А. Смайыловқа**

**Депутаттық сауал
Құрметті Әлихан Асханұлы!**

Қазақтың соңғы ханы, Жошы ханның ұрпағы, атақты Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлының (1802-1847) туғанына 220 жыл толды. Ол қазақтың үш жүзінің Ұлы ханы (1841-1847), батыр, көрнекті мемлекет қайраткері. 1837-1847 жылдардағы Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс — қазақтардың отаршылдыққа қарсы бағытталған жаппай бұқаралық және ұзаққа созылған көтерілістерінің бірі. Оны патша үкіметі де жеңе алмады. Кенесары хан қапыда қаза тапқан соң, Қазақ хандығы да жойылды.

Хан Кене аз уақытқа болса да, барлық үш жүзді біріктіріп, хандықты, яғни қазақтың мемлекеттілігін қалпына келтіре алды. Көптеген зерттеуші елдің аумақтық тұтастығын қалпына келтірудегі Кенесарының ерекше ролін атап өтті. Оған патша әкімшілігінің өкілдері де құрметпен қарап, оны «Қазақ даласының Митридаты», «ержүрек батыр» деп атаған.

Кенесары Қасымұлының ұлағатты өмірі, жанқиярлық ерлігі, елге адал қызметі үлгісінде қазақ батырларының бірнеше ұрпағы, ХХ ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыс көшбасшылары тәрбиеленді.

Қазіргі уақытта Кенесары ханның бас сүйегі мен оның мылтығы Мәскеуде этнографиялық мұражайда уақытша сақтауда тұр. 2021 жылы географиялық қоғам ұйымдастырып, Қазақстаннан арнайы барған комиссия және мамандар Ұлы ханның бас сүйегі мен мылтығын сәйкестендіру жұмыстарымен айналысты. Тарихи, антропологиялық, мұражайлық және мұрағаттық зерттеулер кешенінің қорытындысында мылтықтың ханға 100% тиесілі екені, ал бас сүйек Кенесары ханның бас сүйегі екені (сәйкестік 90%-дан жоғары) анықталды.

Құрметті Әлихан Асханұлы, Кенесары ханның туғанына 220 жыл және Ұлы ханымыз бастаған көтеріліске 185 жыл толуын, мұның ұлттық тарихтағы маңызды орнын ескере отырып, сонымен қатар Әділетті Қазақстанда тарихи әділдікті қалпына

келтіру мақсатында Сізден Кенесары ханның сүйегі мен мылтығын Ресейден Қазақстанға қайтару мәселесіне қолдау көрсетуіңізді сұраймын.

Хан сүйегін Астанадағы Ұлттық пантеонда жерлеуді, ал мылтықты Ұлттық мұражайға тапсыруды ұсынамын. Бұл шара ел рухының асқақтауына, отаншылдықтың күшеюіне және ел астанасындағы туризмнің дамуына ықпал етері сөзсіз.

Жауабын Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген тәртіппен жазбаша беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
«АМАНАТ» фракциясының мүшелері**

Б.Смағұл

Л.Рамазанова

*Орынд: Байрқұлова Н.
Тел.: 746740, bairkulova@parlam.kz*